

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Өскемен қаласында жер асты суларын қорғау және өнеркәсіптік сарқынды суларды тазарту" жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қою туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қыркүйектегі N 888 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Өскемен қаласында жер асты суларын қорғау және өнеркәсіптік сарқынды суларды тазарту" жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қою туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта
Құру және Даму Банкі арасындағы "Өскемен қаласында
жер асты суларын қорғау және өнеркәсіптік сарқынды
суларды тазарту" жобасын дайындауға грант бөлу
туралы келісім-хатқа қол қою туралы**

Қ а у л ы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Өскемен қаласында жер асты суларын қорғау және өнеркәсіптік сарқынды суларды тазарту" жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісім-хаттың жобасы **ма қ ұ л д а н с ы н .**

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Смағұлұлы Есімовке Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Өскемен қаласында жер асты суларын қорғау және өнеркәсіптік сарқынды суларды тазарту" жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатқа Қазақстан Республикасы атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Президенті

22 тамыз 2003 ж.

Қазақстан

Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары

Ауыл

шаруашылығы

Министрі

А.С.Есімов

Мырзаға

Абай

даңғылы

49,

473000

Астана

Жапония Үкіметінің Қазақстан Республикасына

арналған Грантына байланысты:

Өскемен қаласының қоршаған табиғи орта

жағдайын қайта қалпына келтіру Жобасы

N TF051352 Графы

Құрметті Есімов Мырза,

Халықаралық қайта құру және даму банкінің тарапынан (Банк) және Жапония Үкіметі бөлген грант әкімшілігі тарапынан, осы хат арқылы Қазақстан Республикасына (Алушы) сегіз жүз алпыс мың жеті жүз (860 700) АҚШ долларынан аспайтын көлемдегі грантты (Грант) бөлуге келісімімізді білдіреміз.

Грант Алушының қаржылай көмек беру туралы сұранысына жауап ретінде, сонымен қатар мақсатқа орай және Келісім-хаттың қосымшасының тәртібі мен шарты бойынша беріліп отыр. Алушы одан әрі өз келісімін растай келіп, келісімге келуге және жоғарыда айтылған мақсат пен шарт бойынша Грант қаржысын алуға өкілетті екенін б а я н д а й д ы .

Сізден, Банк саясатына сәйкес, шарт өз күшіне енгеннен кейін осы Келісім-хат және ұсынылып отырған мәселе бойынша кез-келген мәлімет жарық көретінін және Алушы тарапынан мәліметті ашуға келісім алатынымызға көңіл аударуыңызды сұранамыз. Алушы осы Келісім-хатқа қол қоя отырып, осы тәрізді мәліметтерді жариялауға келісім б е р е д і .

Алушы тарапынан жоғарыда аталғандарға келісім беру белгісі ретінде қолыңызды қойып және күнін жазып, Банкке Келісім-хаттың қоса беріліп отырған данасын жіберуіңізді өтінеміз. Осы Келісім-хат Банктен Алушыға сіз қол қойған Келісім-хаттың көшірмесін алғандығы туралы (і) және Алушының атынан Келісім-хат лайықты түрде бекітілгендігі немесе ратификацияланғандығы, орындалғандығы мен жеткізілгендігі және Келісім-хаттың шарттарына сәйкес Алушы үшін заңды түрде міндетті болуы туралы Банкті қанағаттандырарлық растауды олардың қабылдағаны туралы жазбаша хабарландырған күнінен бастап күшіне енеді.

_____ атынан
Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі
(ХҚҚДБ)

Деннис Де Трей

Директор

Орталық Азиядағы аймақтық өкілдігі

Еуропа және Орталық Азия аймағы

Келісілді:

Қазақстан Республикасы

Қолы _____

Аты-жөні: _____

Қызметі: _____

Күні: _____

Қосымша

Гранттың мақсаты, шарттары мен ережелері

1. Мақсаттары және іс-шаралар

1.1. Гранттың мақсаты - Өскемен қаласының қоршаған табиғи орта жағдайын қалпына келтіру жобасын даярлауға көмек көрсету болып табылады (бұдан әрі - Жоба). Гранттың негізгі міндеттері болып: (1) Өскемен қаласының тұрғын халқы мен өндірістік қызметін сумен қамтамасыздандырудың сапасын жақсарту; (2) Ертіс өзенінің улы металл қалдығымен ластануының алдын алу; (3) аймақтың алғышарттық экологиялық мәселелерін шешуде ірі өндіріс кәсіпорындарын іске тарту; (4) қоршаған ортаның ластану мәселесін басқару жөніндегі табиғат қорғау органдарының іс-әрекетін күшейте түсу. Грант берілетін іс-шараларға (бұдан әрі - Іс-шаралар) мыналар жатады:

а) Өскемен қаласындағы өндіріс кәсіпорындарының жер асты суын ластау оның қазіргі уақыттағы деңгейін бағалау және талдау үшін еспе суды оңалту бағдарламасының техникалық-экономикалық негіздемесі: бұл іс-шараның құны шамамен 538 500 АҚШ долларына баламалы сомада;

б) жер асты суын оңалту бағдарламасы және қалдықтар сақталынған қойма аймағының қоршаған ортасын қайта орнына келтірудің қоршаған ортаға әсерін бағалау: бұл іс-шараның құны шамамен 110 000 АҚШ долларына баламалы сомада;

с) қазіргі кездегі жер асты суының ластануы, қалдық сақтау қоймаларының, жалпы өндіріс орындарының қоршаған ортаны ластауы мен басқа да осы мәселеге қатысты факторлардың әсері мен түсіну деңгейін анықтау үшін әлеуметтік бағалау: бұл іс-шараның құны шамамен 64000 АҚШ долларына баламалы сомада;

д) қаржыландыру және экономикалық тұрғыдан бағалау: бұл іс-шараны іске асырудың құны шамамен 22 800 АҚШ долларына баламалы сомада;

е) Грант аудиті: бұл іс-шараның құны шамамен 20 000 АҚШ долларына баламалы сомада;

ф) кадрлар құрамын бағалау, анықтау және ұсыну мен қажетті заттарды дұрыс сатып алуға үйрету ісі; бұл іс-шараның құны шамамен 25 400 АҚШ долларына баламалы сомада;

г) басқа да техникалық көмек: бұл іс-шараның құны шамамен 80000 АҚШ долларына баламалы сомада.

2. Толығымен іске асыру

2.1 Алушы: (а) талапқа сай және көздеген нәтижеге қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі Комитеті арқылы іс-шараларды жүзеге асырады; (b) осы мақсатқа жетуде қажетті құрал-жабдықтарды, қызмет көрсету мен басқа қажетті құралдармен қамтамасыздандырады; (с) іс-шараларға және Грант қаржысын пайдалануға қатысты Банк дәлелді түрде сұраған барлық мәліметтерді жеткізеді; (d) іс-шараларды жүзеге асыру барысы мен нәтижесі жөнінде Банк өкілдерімен мерзімді түрде пікір алмасып отырады; (е) Грант мақсатына байланысты Банк өкілдігі Қазақстан Республикасы аймағына баруға қажетті мүмкіндікті жасап, шешім қабылдайды; (f) Грант қорынан қаржыландырылған тауар мен қызмет тек қана Жоба мақсаты үшін пайдаланылуын қ а д а ғ а л а й д ы .

Алушы жоғарыда аталған талаптарға шек келтірместен Банк сұраныс жасауы бойынша іс-шара жүзеге асырылғаннан кейін тез арада Банкке оның нәтижесі мен әсері туралы есеп өткізуі тиіс. Есеп Банк талабының үлгісі мен мазмұнына сәйкес жазылады.

3. Сатып алу

3.1. Іс-шараны жүзеге асыруға қажетті және Грант қорынан қаржыландыруға тиесілі кеңес алу қызметі мен тауар сатып алу барысында Банкпен ешбір келісім-шарт жоқ жағдайда, бұл процесс осы Қосымшаның I-Толықтыруының ережесі бойынша р е т т е л е д і .

3.2. Алушы Грант қаржы қорынан сатып алынған импортты тауарларды сатып алу барысындағы тәуекелден, тасымалдау мен пайдаланатын жеріне және оны орнату жөнінде сақтандыру құжатының болуына шара қабылдайды және сақтандыру төлемі тауарды толық ауыстыруға немесе жөндеу жұмысын толықтай жүргізуде еркін конверсиялы валютада төлеуге тиісті болуы қажет. Алушы іс-шараларға байланысты кез-келген нысандарды пайдалануда және техникалық құралдардың қызмет атқаруында тиесілі (қалыптасқан) әдістерді пайдалануы қажет. Себебі, пайдаланып отырған нысандар мен техникалық құралдарға қажетті жағдайда кез-келген жөндеу жұмысын немесе жанарту ісін қолма-қол іске асырылуы үшін тиімді шараны қолдана алу болып табылады.

4. Грант қаржысын есептен алу

4.1. Банктің тіркеу құжаттарында Алушының атына ашылған есепке (Грант есебі) Грант қаржысы аударылады және іс-шараларды жүзеге асыру мен Грант қорынан қаржыландыруға тиесілі, негіздемесі бар тауар мен қызмет көрсету құнын төлеу үшін 4 - Бөлімнің ережесіне сәйкес Алушы есептен қаржы алуға мүмкіндігі бар.

4.2. Одан ары баптарда көрсетілген шеңбердегі шығындарды Грант қорынан қаржыландыруға болады және бұл қор тек қана іс-шараларды жүзеге асыруға ғана пайдаланылады:

Бап	Грант қорына бөлінген сома АҚШ доллары бойынша [100%1]	қаржыландыруға тиесілі шығын %
(1) Кеңес беру қызметі	820 700	
(2) Тауар	15000	шет елдік валюта бойынша 100 % жергілікті валюта бойынша 100 % [(франко-зауыт құны)] және ішкі нарықта басқа да баптар бойынша сатып алу шеңберінде жергілікті валюта бойынша шығынның 85%
(3) Шығындар	Қосымша 25000	эксплуатациялық 90%
Барлығы	860 700	

Аталған тармақтың мақсаты үшін:

(а) "шет елдік валюта бойынша шығын" термині Қазақстан Республикасын есепке алмағанда, кез-келген мемлекет аймағынан алынған тауар мен көрсетілген қызметтің төлем ақысы Қазақстан Республикасын есепке алмастан, сол шет елдік валюта бойынша шығын деген мағынаны білдіреді.

(б) "жергілікті валюта бойынша шығын" термині шет елдік валюта шығынына жатпайтын кез-келген шығын деген мағынаны білдіреді, бірақ, сатып алынған тауар мен көрсетілген қызмет территориясындағы валюта Қазақстан Республикасының валютасы болып саналатын жағдайда сол валюта бойынша төленген тауар мен қызмет төлемақысы шет елдік валюта шығыны болып есептеледі.

(в) "қосымша эксплуатациялық шығындар" термині Грант шеңберінде Алушының қосымша жасаған эксплуатациялық шығындар деген мағынаны білдіреді, соның ішінде офистік құрал-жабдықтар (қағаз, кеңсе тауарлары және басқа да офистік жабдықтарға қажетті материал шығындары), бастыру жұмыстары, факс, жазбаша және ауызша аударма ісі, байланыс қызметі және транспорт.

4.3. 4.2-тармақтың ережесіне қарамастан:

(а) Грант есебінен қаржы ала алмайды: (і) Банктің келісім-хатқа қол қойған күніне

дейін кеткен шығынды төлеу үшін; (ii) Алушы төлейтін немесе Алушының территориясындағы кез-келген салықты төлеу үшін; (iii) Банк мүшелігіне жатпайтын басқа бір мемлекет аймағындағы шығындарды қаржыландыруға, немесе сол сияқты мемлекеттерде өндірілген тауарлар мен көрсетілген қызметке ақы төленбейді; (iv) БҰҰ қауіпсіздік Кеңесі шешімінің қабылдауы бойынша БҰҰ Жарғысының VII Тарауына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға немесе импортты тауарларға төлемақы жасауға тиым салынады;

(b) Банк Алушыға жазбаша түрде ескерту-хатта көрсетуі бойынша (Есептің жабылу күні) 2004 жыл 30 мамыр немесе одан кеш мерзімінен кейін Грант Есебінен қаржы ала алмайды. Бірақ, шығындарға төлемақы жасау мерзімі аяқталған Күннен кейін де есептен қаржы алына алады, егерде жоғарыдағы айтылған тәртіптерге сай есептен қаржы алу туралы арыз аяқталу Күнінен кейін төрт ай ішінде Банкке өткізілсе, онда жабылу Күніне дейінге жасалған шығындар үшін есептен қаржы алуға болады. Ал, одан кейінгі мерзімде өткізілсе (төрт айдан кеш) ол төленбейді және Есепте қалған кез-келген сома жойылады.

(c) Егер, 4.2 - тармақта көрсетілген кестеде берілген белгілі бір бап шеңберінде бөлінген Грант сомасы осы бап бойынша шығындарды қаржыландыру қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Алушыға жазбаша түрде ескертпе-хат жолдап, Банктің пікірінше, басқа бапқа бөлінген қаражат сол баптың шығындарын өтеу қажет емес деп есептеп, Грант қорын қаражат жеткіліксіз болған бапқа аударады.

4.4. Егер Алушы Грант қорынан қаржы сомасын алғысы келген жағдайда Банк нұсқауы бойынша берілген үлгіде қаржы аудару туралы жазбаша арыз береді. Қаржы алатын Арыздар: (a) қаржы Министрі немесе одан жазбаша түрде өкілдік алған басқа тұлға Алушының атынан қол қояды; және (b) Банктің негізделген талабына сай дәлелдеуші құжаттармен бірге өткізіледі. Қаржы алу Арызына қол қоюға өкілді тұлғаның қолы куәландырылған үлгілер оның қолы қойылған бірінші Арызбен бірге өткізіледі. Грант қорынан белгілі бір соманы алу туралы Арыз және оны қолдайтын құжаттар Алушы Грант қорынан сол соманы алуға құқылы екендігі және сол сома Іс-шараны жүзеге асыруға пайдаланылатыны жөнінде Банк сенім білдіретін деңгейде, формасы мен мазмұны жағынан қанағаттанарлық болуы қажет. Банк Алушы Грант Есебінен алатын соманы тек қана Алушының өзіне ғана немесе оның тапсырмасы бойынша жауапты басқа жеке тұлғаға ғана береді.

4.5. Банк, Грант есебінен қаржы алу келісім-шарт бойынша шығындарды өтеу үшін жасалған шығындар ведомості (тізімі) негізінде жүзеге асырылуын талап ете алады: (a) құны 100 000 АҚШ долларынан аспайтын кеңес беру фирмаларының қызметін өтеу үшін; (b) құны 50 000 АҚШ долларынан аспайтын жеке кеңесшілер қызметі; (c) тауарлар және (4) қосымша эксплуатациялық шығындар, сонымен қоса бұның бәрі Банк Алушыға ескертпе-хатта анықтап көрсететін тәртіптер мен шарттар бойынша ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

4.6. Гранттан қаржы алу Грант валютасы бойынша жүргізіледі. Банк Алушының сұранысы бойынша және Алушының өкілі ретінде іс-әрекет жасай отырып, Грант есебінен алынған Грант валютасына Грант қорынан қаржыландырылатын шығындарды төлеуге қажетті валютаны сатып алады. Егерде осы келісім-хаттың мақсаты үшін бір валютаның екінші валютаға қатысты бағасын анықтау қажет болса, онда ол бағаны негізделген түрде Банк анықтайды.

4.7. Іс-шараны жүзеге асыруға көмектесу мақсатында Алушы АҚШ доллары бойынша арнайы депозитті есеп (Арнайы есеп) ашып, енгізе алады, сонымен қатар осы есепті өзара төлем есептесуден және осы есептің басқа есепке қосылып кету немесе қолды болып кету қаупінен сақтандыратын тиісті қорғаудың қамтамасыздығын да қарастырады. Арнайы есепке ақша салу және Арнайы есептен ақы төлеу осы Қосымшаға II Толықтырудың ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Бухгалтерлік есеп және аудит

5.1 (a) Алушы тіркеу құжаттары мен бухгалтерлік есептерді қоса қаржылық басқару жүйесін жүргізеді және оны қамтамасыздандыруды және Банк талабына сай үлгі бойынша қаржы есебін даярлайды. Бұл есепте Алушы бухгалтерлік тәжірибе есебіне сәйкес Іс-шараларды жүзеге асыруға байланысты барлық шараларды, қорлар мен шығындарды баяндайды.

(b) Алушы міндеті: (i) жоғарыда (a) тармақшада көрсетілген тіркеу құжаттары, бухгалтерлік шоттар және қаржы есебі болуы, сондай-ақ әрбір қаржы жылына, арнайы шотқа жататын Банкке тиімді, жүйелі қолданылатын аудит стандартына сай, тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық тексеруінен өткен тіркеу құжаттары және бухгалтерлік шоттар болуы; (ii) есепті даярлағаннан кейін әрбір жылдың есебін жыл аяқталғаннан кейін алты айдан кешіктірмей Банкке бірден өткізу тиіс: (A) аудиторлық тексеруден өткен әрбір жыл үшін осы тараудың (a) тармақшасында көрсетілген қаржы есептерінің куәландырылған көшірмесі, және (B) осы есеп, тіркеу құжаттары және бухгалтерлік есеп бойынша жоғарыда айтылған аудиторлардың қорытындысы, сонымен қатар Банк негізді түрде анықтаған аудиторлық есептің көлемі мен деңгейі талдап көрсетілген есеп; және (iii) Банкке оның негізге сай мезгілді сұранысы бойынша, басқа да тіркеу құжаттарына, бухгалтерлік есеп пен аудиторлық тексеруге, және сол сияқты жоғарыда көрсетілген аудиторларға байланысты мәліметтер жеткізуі тиіс.

(c) Барлық шығындарды өтеу үшін шығын ведомостісі (тізімі) негізінде Грант есебінен алынған қаржы бойынша Алушы міндетті: (i) шығындарды көрсететін тіркеу құжаттары және бухгалтерлік есептерді осы тарау пунктiнiң астындағы (a) пунктiне сай ендiрудi қамтамасыздандыру; (ii) Банк қаржы жылына аудиторлық есептi алғаннан кейiн шығындарға төлемақы жасау үшін Грант есебінен алынған соңғы қаржы құжаттары мен шығындарды растайтын барлық тіркеу құжаттарын (келісім-шарт, сұраныс, есеп-фактурасы, есеп, квитанция және т.б. құжаттар) кем дегенде бір жыл сақтау қажет; (iii) Банк өкіліне аталған тіркеу құжаттарын тексеруіне мүмкіндік беру;

және (iv) бұл тіркеу құжаттары мен бухгалтерлік есептер осы тараудың (b) пунктінде көрсетілгендей жыл сайын аудиторлық тексеруден өтуге шара қабылдау және әрбір осындай аудиторлық тексерудің есебі жоғарыда аталған аудиторлардың жеке қорытындысында қаржы жылы барысында берілген шығын ведомості (тізімдері), сонымен қатар, қаржы алу үшін ішкі бақылау процедурасы мен механизмі есептен алуға жеткілікті негіздемесі болғандығы жөнінде болуы тиіс.

6. Құқығын тоқтата тұру және күшін жою

6.1. Егер мынадай оқиғалар болса және одан әрі жалғасатын болса: (a) Алушы осы құжатта белгіленген кез-келген міндеттемелердің бірін орындамаса; немесе (b) Банк Қазақстан Республикасының кепіліне берген заем Алушының немесе кез-келген өзге де тұлғаның құқығы, заем туралы кез-келген Банктік келісім немесе дамытуға арналған несие туралы Халықаралық Даму қауымдастығымен кез-келген келісім бойынша қаражат алуға берілген құқық тоқтатыла тұрса, Банк Алушыға тиісті хабарлама жібере отырып, кез-келген уақытта Гранттың шотынан Алушының ақша алу құқығын тоқтата а л а д ы .

6.2. (a) осы бөлімнің 6.1-тармағының ережелеріне сәйкес Алушының Гранттың шотынан қаражат алу құқығы кез-келген уақытта тоқтатылғанда; немесе (b) іс-шараларды орындау бойынша Банкті қанағаттандыратын әрекеттерді Алушы олардың нақты басталған күнінен кейін алты ай ішінде жасалмағанда; немесе (c) егер Банкі Алушымен кеңескеннен кейін осы жобаны қолдауды тоқтатқанда; немесе (d) егер Алушы Жобаны қаржыландыруда Банктен көмек сұрағаны туралы өз өтінішін қайтарып алса, Банк Алушыны жазбаша хабардар ете отырып, Гранттың шотынан одан әрі қаражат алу құқығынан Алушыны айыра алады.

I-толықтыру

Сатып алу

Бөлім I Кеңесшілер көрсететін қызметтер

A - бөлігі: Жалпы ережелер

Кеңесшілер көрсететін қызметтер 1997 жылғы қаңтарда Банк жариялаған және 1997 жылғы қыркүйекте, 1999 жылғы қаңтарда және 2002 жылғы мамырда қайта қаралған (Кеңесшілер жөніндегі басшылық) "Дүниежүзілік Банкі қарыз алушыларының кеңесшілерді іріктеу мен жалдау" Басшылықтың I және IV-бөлімінің ережелеріне сәйкес, сондай-ақ Басшылыққа 1-қосымшаның 1-тармағына, Басшылыққа 2-қосымшаның және осы бөлімнің келесі ережелеріне сәйкес сатып алынады.

B-бөлігі: Сапасы және құны бойынша іріктеу

[1.] Осы бөлімнің C-бөлігіндегі өзге ережелерді қоспағанда, кеңесшілер көрсететін қызметтер сапа және құн бойынша кеңесшілерді іріктеу жағдайында қолданылатын Кеңесшілер жөніндегі басшылықтың 11-Бөлімінің ережелеріне және Басшылықтың

3.13-3.18-тармақтарының ережелеріне сәйкес берілген келісім-шарт шеңберінде сатып алынады.

2. Келесі ережелер мұның алдындағы тармақтағы ережелерге сәйкес берілген келісім-шарт шеңберінде сатып алынатын кеңесшілер көрсететін қызметтерге қолданылады: бір келісім-шартқа есептелінетін бағдарлы құны 100 000 АҚШ долларын құрайтын әлеуметтік бағасы мен аудит функциясы бойынша қызметтер көрсететін кеңесшілердің қысқа тізбесінің құрамына тек қана ұлттық кеңесшілер кіре алады, яғни бұл 2.7-тармағының ережелерінде және кеңесшілер жөніндегі басшылықтың 8-сілтемесінде көзделген.

С-бөлігі: Кеңесшілерді іріктеудің басқа да процедуралары

1. Тіркелген бюджет жағдайында іріктеу

Техникалық-экономикалық негіздемені дайындау мен қоршаған ортаға әсердің бағасы бойынша көрсетілетін қызметтер Кеңесшілер жөніндегі басшылықтың 3.1 және 3.5 тармақтарының ережелеріне сәйкес берілген келісім-шарт шеңберінде сатып алына алады.

2. Кеңесшілері біліктілік бойынша іріктеу

Бір келісім-шартқа есептелінетін бағдарлы құны 100 000 АҚШ долларын құрайтын әлеуметтік баға мен аудит бойынша көрсетілетін қызметтер кеңесшілер жөніндегі басшылықтың 3.1 және 3.7-тармақтарының ережелеріне сәйкес берілген келісім-шарт шеңберінде сатып алына алады.

3. Жеке кеңесшілер

Жеке кеңесшілердің көрсететін қызметтері кеңесшілер жөніндегі басшылықтың 5.1-тармағында жазылған талаптарға жауап беретін қаржылық және экономикалық бағалар, сатып алуға талдау және техникалық көмектердің басқа да түрлері бойынша кеңесшілер жөніндегі басшылықтың 5.1 - 5.3-тармақтарының ережелеріне сәйкес берілген келісім-шарт бойынша сатып алынады.

Д-бөлігі: Кеңесшілерді Банк тарапынан іріктеуді қарау

1. Іріктеуді жоспарлау

Кеңесшілерге торғқа қатысуға қандай да бір шақыруларды жібергенге дейін Банктің қарауына және бекітуіне келісім-шарттың бағдарлы құнын, келісім-шарт пакеттерінің және қолданылатын критерийдің тұтастығын және іріктеудің процедураларын қосып кеңесшілерді іріктеудің жоспары ұсынылуы керек. Барлық кеңестің көрсетілетін қызметтерді іріктеу Банк бекітетін осы жоспарға (мерзімдік нақтылауды ескере) сәйкес етуге тиіс.

2. Алдын ала қарау

(а) Бағдарлы құны 100 000 АҚШ долларын немесе одан жоғарыны құрайтын кеңес фирмасын жалдауды көздейтін әрбір келісім-шартқа Кеңесшілер жөнінде басшылыққа 1-қосымшадағы 2, 3 және 5-тармақтарында жазылған процедуралар қолданылады.

(b) Көрсетілетін қызметтің бағдарлы құны 50 000 АҚШ долларын немесе одан жоғарыны құрайтын жеке кеңесшілерді жалдауды көздейтін әрбір келісім-шартқа Банкке алдын ала қарауға және бекітуге кандидаттың біліктілігін және тәжірибесін салыстырғандағы нәтиже туралы, сондай-ақ техникалық отырыс және кеңесшілерді жалдау шарттары туралы есеп беріледі. Келісім-шарт тек Банктің келісімін алғаннан кейін ғана беріледі. Мұндай келісім-шарттарға Кеңесшілер жөніндегі басшылыққа 1-қосымшадағы 3-тармақтың ережесі қолданылады.

3 . К е л е с і қ а р а у

Осы бөліктің 2-тармағында ережелермен реттелмейтін әрбір келісім-шарттарға Кеңесшілер жөніндегі басшылыққа 1-қосымшаның 4-тармағында жазылған процедуралар қолданылады.

II-бөлім Тауарларды сатып алу

Тауарлар сатып алынады: (a) 1995 жылғы қаңтарда Банк жариялаған және 1996 жылғы қаңтарда және тамызда, 1997 жылғы қыркүйекте және 1999 жылғы қаңтарда (Басшылық) қайта қаралған "ХҚҚДБ заемдары және ХДҚ кредиттері бойынша сатып алу" Басшылық I-бөлім ережелеріне сәйкес; және (b) еркін саудада сатып алу процедурасын пайдалануды Басшылық 3.5 және 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес берілген келісім-шарттар бойынша. Мұндай келісім-шарттарға осы тармақтағы "конкурстық ұсыныс" деген сөз "баға" деп оқылатын шартпен Басшылыққа 1-қосымшаның 4-тармағында жазылған қарау процедуралары қолданылады.

II-толықтыру

Арнайы есеп

1. Осы толықтырудың мақсаты болып:

(a) "жарамды баптар" деген термин осы келісім-хатқа Қосымшаның 4.2-тармағындағы кестесінде көрсетілген баптарды білдіреді;

(b) "жарамды шығыстар" термин Іс-шараларды жүзеге асыру үшін қажетті және Гранттың қаражатынан қаржыландыруға жататын тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің құнына негізделген төлемдердің шығыстарын білдіреді; және

(c) "Мақұлданған аударым" деген термин Гранттың Шотынан алынып және осы толықтырудың 3(a)-тармағына сәйкес Арнайы шотқа салынуға тиіс 75 000 АҚШ долларына баламалы соманы білдіреді.

2. Төлемдер Арнайы шоттан осы толықтырудың ережелеріне сәйкес тек қана жарамды шығыстарды қаржыландыру үшін жүргізіледі.

3. Банк Арнайы шоттың тиісті түрде ашылғандығы жөнінде растау құжаттарын алғаннан кейін, мақұлданған сомалар қаражатын алу және Арнайы Шотты толықтыру үшін кейіннен толтыру мынадай түрде жүргізіледі:

(a) Алушы Банкке мақұлданған сомалардың тұтас, бүтіндей мөлшерінен аспайтын

соманы немесе сомаларды Арнайы шотқа салуға өтінім немесе өтінімдер жібереді. Осы өтінімнің немесе өтінімдердің негізінде Банк Алушының атынан Алушы сұрау салған соманы немесе сомаларды Гранттың шотынан алып Арнайы Шотқа салады.

(b) (i) Арнайы шотты толықтыру үшін Алушы мерзімдікпен Банк анықтайтын Банкке Арнайы шотқа қаражатты салуға өтінімдер жібереді. (ii) Осындай өтінімдерді беруге дейін немесе берумен бірге Алушы Арнайы шотты толықтыруға қаражат сұратуға байланысты төлем немесе төлемдерді жүзеге асыру үшін осы толықтырудың 4-тармағына сәйкес қажетті құжаттамаларды және басқа да растаушы құжаттарды Банкке жібереді. Банк әрбір алынған өтінімдер негізінде Алушының атынан Алушы сұраған және жарамды шығыстарды төлеу үшін Арнайы шоттан төленген, аталған және де құжаттармен расталған соманы Гранттың Шотынан алады және Арнайы шотқа салады. Осындай түрде салынған барлық қаражаттарды жарамды баптар аясында және жоғарыда көрсетілген және расталған, тиісті баламалы сомаларды Гранттың Шотынан **Б а н к а л а д ы .**

4. Арнайы шоттан Алушы жүргізген әрбір төлем жөнінде, Алушы Банк талаптарының негіздемесі бойынша Банкке жарамды шығыстарды жабу үшін жүргізілген осы төлемді растайтын құжаттарды немесе басқа да дәлелдерді беруге тиіс.

5. Осы толықтырудың 3-тармағының ережелеріне қарамастан Банк Арнайы Шотқа қосымша қаражаттар салуға міндетті емес:

(a) егер қандай да бір кезеңде Банк алдағы уақытта Алушы барлық қаражатты тікелей Гранттың Шотынан алуға тиіс деп шешсе;

(b) егер Алушы осы келісім-хатқа қосымшаның 5.1 (b)-тармағының (ii) тармақшасында белгіленген мерзім ішінде Арнайы шотқа қатысты есептік құжаттар мен бухгалтерлік есептерді аудиторлық тексеріске байланысты көрсетілген тармаққа сәйкес Банкке ұсынылуға тиіс қандай да бір аудиторлық есепті Банкке ұсынбағанда;

c) егер қандай да бір кезеңде Банк Алушыға осы келісім-хатқа қосымшаның 6.1-тармағының ережелеріне сәйкес Алушының Грант шотынан қаражатты алу құқығын толық немесе ішінара тоқтата тұру туралы өзінің ниетін хабардар еткенде; немесе

(d) Гранттың қаражатынан алынған жалпы сома екі еселенген мақұлданған аударымның баламасымен теңескенде.

Бұдан кейін Банк Алушының хабарламасына тиісті анықтайтын Гранттың жұмсалмай қалған сомаларын Гранттың Шотынан алу процедураларды пайдаланумен жүргізіледі. Алдағы уақытта қаражатты бұлай алу Арнайы шотта қалған барлық қаражаттар жарамды шығыстарды төлеу үшін пайдаланатын болатындығы жөніндегі хабарламаға қандай да бір Банк нанғанда ғана жүргізіледі.

6. (a) Егер Банк қандай да бір кезеңде Арнайы шоттан қандай да бір төлем: (i) осы толықтырудың 2-тармағына сәйкес жарамды болып табылмайтын шығыстарды немесе сомаларды жабу үшін жүргізілген деп шешсе; немесе (ii) Банкке ұсынылған

құжаттармен бекітілмесе, Алушы Банктен тиісті хабарламаны алғаннан кейін кешіктірмей: (А) Банк сұратқан қосымша растайтын құжаттарды беруге; немесе (В) Арнайы шотқа (немесе, Банктің өтініші бойынша Банкке қайтаруға) жарамды немесе расталмаған төлемнің немесе оның бір бөлігінің сомасына тең соманы енгізуі тиіс. Банкпен басқа шарттардың жоқтығынан Банк Алушы осындай растайтын құжаттарды ұсынуын немесе қаражатты енгізуін, немесе оның қайтаруын жүргізгенге дейін Арнайы шотқа ешқандай қосымша қаражат енгізбейді.

(d) Егер Банк қандай да бір кезеңде Арнайы шотта қалған қандай да бір сома жарамды шығыстарды қаржыландыру есебіне одан әрі төлеуді жүзеге асыру үшін қажет етілмейді деп шешсе, Алушы Банктің тиісті хабарламасын алып, қалған соманы кешіктірмей Банкке қайтаруы тиіс.